Мобильді қолданба	Клиентке электрондық банктік қызметтерге қол жеткізуге, соның ішінде Төлем картасының шоты бойынша Транзакциялар мен Операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін, Клиенттің мобильді құрылғысында орнатылған және сол арқылы жұмыс істейтін Банктің «Freedom SuperApp» бағдарламалық жасақтамасы
Операторлар - «Onapro» ЖШС	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және өз қызметін жүзеге асыратын, Банкпен тиісті келісім жасаған және Клиентке Қызмет көрсететін заңды тұлға
Серіктес	Бағдарлама шеңберінде Банкпен ынтымақтастық туралы келісім жасаған, тауарларды/қызметтерді/жұмыстарды жеткізетін заңды тұлға
Төлем картасы	Банк тарапынан Клиентке шығарылған, электрондық терминалдар, Банкоматтар немесе басқа байланыс арналары арқылы төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға немесе қолма-қол ақша алуға, валюта айырбастауға және немесе Банк айқындаған және оның талаптарында басқа операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін ақпаратты қамтитын электрондық төлем құралы
Ақша жіберушінің тұрақты өкімі	Клиенттің (ақша жіберушінің) Банкке (ақша жіберушінің банкіне) кейіннен Кешбэк есептеу үшін ETN сатып алу мәмілелерін жасау барысында Клиенттің шотынан ақшаны есептен шығару туралы мерзімсіз тапсырмасы
Бұйрық/тапсырыс	тапсырмада көрсетілген талаптар мен деректемелерге сәйкес оның атынан ETN сатып алуды/сатуды жүзеге асыруға нұсқауды және бір мезгілде Клиенттің Банкке ETN сатып алуға және/немесе сатуға тұрақты Транзакцияларды (бұдан әрі – «Транзакция») жүзеге асыру туралы тапсырмасын қамтитын Клиенттің Банкке ұсынатын құжаты түріндегі «Freedom Инвестициялық валютасы» қаржылық өнімі шеңберінде ETN сатып алуға/сатуға клиенттік тапсырыс. Бұл ретте Клиенттің Операторға ETN сатудан түскен қаражаты есебінен Төлем картасының және/немесе Мобильді қолданбаның көмегімен Клиенттің тиісті банктік операцияны жүргізуінде көрсетілген Клиенттің тиісті бұйрығының/тапсырысының күні Транзакцияны жүргізу күні болып табылады
Бағдарлама	осы Шарттың ережелеріне сәйкес Клиенттерге Қағидаларда көрсетілген талаптармен Кешбэк беруге мүмкіндік беретін, Клиенттердің Транзакциялық белсенділігін арттыруға және тұрақты

	және жаңа Клиенттердің санын арттыруға бағытталған Банктің қолданыстағы ниеттестік бағдарламасы
Банктің арнайы ұсынысы	Клиенттерге Cashback ұсыну есебінен жаңа Клиенттерді тарту және/немесе Банктің және/немесе Серіктестің өнімдеріне/брендінә қазіргі клиенттердің ниеттестігін арттыру мақсатында Банк және/немесе Серіктес өткізетін іс-шара
Шот	сатып алу және ақша аудару кезінде ақшаны толтыру, есептен шығару, Төлем картасы немесе Мобильді қолданба арқылы Транзакциялар мен Операциялар жүргізу барысында кейіннен пайдалану мақсатында ETN сатып алуға/сатуға арналған Бонустық шоттан Cashback-ті есепке қосуды қоса алғанда, банктік қызмет көрсету шарты шеңберінде жүзеге асырылатын Клиенттің Банктегі ақша қозғалысын көрсету және есепке алу тәсілі
Сауда-сервистік кәсіпорын (бұдан әрі – ССК)	Төлем картасын пайдалану арқылы Тауарлар сататын кез келген сауда/сервис кәсіпорны
Қызмет	Оператор белгілеген баға белгілеу бағамы бойынша Клиенттен ETN сатып алу және/немесе Клиентке ETN сату. ETN баға белгілеу валютасы АҚШ доллары болып табылады

2-БАП. ШАРТТЫҢ МӘНІ

2.1. Осы Шарттың мәні Банк пен Клиент арасында Кешбэк есептеудің талаптары мен қағидаттарын белгілеу болып табылады, осы мақсатта Банк Клиенттің Бұйрығы/тапсырысы негізінде Оператордан ETN сатып алу/сату мүмкіндігін ұйымдастырады, ал Клиент Мобильді қолданба арқылы ETN сатып алу-сату мәмілесі жасалған кезде белгіленген ағымдағы баға белгілеу бағамы (ETN бағасы) бойынша Оператордан ETN сатып алуды немесе Операторға ETN сатуды жүзеге асырады.

2.2. Кешбэк есептеу шеңберінде Банк:

2.2.1. Клиенттің Бұйрығы/тапсырысы негізінде Клиенттің ETN сатуын қамтамасыз етеді, егер Клиенттің ETN сатудан түскен қаражат есебінен төлемі/аударымы теңгемен немесе басқа валютамен жүзеге асырылатын болса, Банк бұл қаражатты АҚШ долларымен Клиенттің төлемінің/аударымының пайдаланылатын валютасына айырбастайды;

2.2.2. Ақша жөнелтушінің Тұрақты өкімі негізінде ETN сатып алу үшін Клиенттің Шотынан ақшаны есептен шығаруды жүзеге асырады;

2.2.3. осы Шарттың 2.2.1-тармағына сәйкес Мобильді қолданба арқылы Клиенттің Шоттарына ақшаны есепке қосу (ақша аудару) және ETN іске асыру есебінен төлемдер жүргізу бойынша қызметтер көрсетеді;

2.2.4. осы Шарттың 2.2.3-тармағында көрсетілген операциялар бойынша есеп айырысу процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін Брокер Клиенттің операциясының сомасына дебиторлық берешек қалыптастырады және аталған дебиторлық берешек есебінен Транзакцияны жүзеге асырады. Клиенттің дебиторлық берешегін жабу/өтеу Клиенттің ETN-ін сату арқылы орындалады (Клиент Транзакция жүргізген күні);

2.2.5. Оператор мен Клиент арасында жасалған ETN сатып алу-сату мәмілелерін есептеуді жүзеге асырады.

2.3. Клиенттің Транзакция жүргізген күні (Мобильді қолданбаны/терминалды пайдалану /Шотты өзге жолмен толықтыру арқылы) Клиенттің тиісті Бұйрығының/тапсырысының күні болып табылады. Бұйрық/тапсырыс Банкке түседі және Клиенттің Төлем картасын және/немесе Мобильді қолданбаны пайдалана отырып, Операторға ETN сатудан түскен қаражат есебінен банктік операцияларды жүргізуі нәтижесінде және оның негізінде автоматты түрде орындалады.

2.4. Клиентке Кешбэк ұсыну Банктің құқығы болып табылады және оның міндеті болып табылмайды.

2.5. Банктің Кэшбэк есептеу талаптары, сондай-ақ Клиенттердің Кэшбэкті пайдалану тәртібі және басқа талаптар Қағидалармен айқындалады және реттеледі.

3-БАП. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

3.1. Осы Шарттың Кешбэк беруге арналған негізгі ережелері:

3.1.1. Банкке келесі міндеттер бекітіледі:

- Брокерлік қызмет көрсету шарты және осы Шарттың шеңберінде Клиентті онлайн-сәйкестендіру және тіркеу/авторизациялау бойынша онлайн-сервисті әзірлеу және сүйемелдеу;
- Клиенттің Төлем картасы және/немесе Мобильді қолданба арқылы ETN сатудан алынған Кешбэк түріндегі қаражат есебінен төлемдерді/аударымдарды жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Оператор мен Клиент арасында жасалған мәмілелерді тиісті түрде тіркеу және орындау.

3.1.2. Клиентке келесі міндет бекітіледі:

- Қызметті осы Шартқа қатаң сәйкестікте пайдалану.

3.2. Банк Қызметті:

3.2.1. Клиенттің жасалған Брокерлік қызмет көрсету шартына сәйкес қолданыстағы дербес шоты (бұдан әрі – «Брокерлік шот») бар болғанда;

3.2.2. Клиент Мобильді қолданбада тіркелген және авторизацияланған жағдайда **ғана ұсынады.**

4-БАП. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Банк құқылы:

4.1.1. Шарттың 10.2-тармағына сәйкес Клиенттің мекенжайына тиісті хабарлама жіберілген немесе Банктің www.bankffin.kz ресми Интернет-ресурсында ақпарат орналастырылған жағдайда Шарттың кез келген талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуге;

4.1.2. Банктің операцияларды жүргізудің, банктік шоттар мен төлем карталарын ашудың, жүргізудің және жабудың жалпы шарттарына (бұдан әрі – «Жалпы шарттар») сәйкес осы Шарттың шеңберінде Банк ұсынатын қызметтер тізбесін біржақты тәртіпте толықтыруға/кеңейтуге;

4.1.3. Клиент тіркеуден өту және кейіннен Банктен/Оператордан Қызметті алу барысында Клиент толтыратын және қол қоятын өтініштер, шарттар, оферталар, келісімдер сияқты Банк құжаттарының нысанын, санын және мазмұнын айқындауға, өзгертуге, толықтыруға;

4.1.4. Клиентті Мобильді қолданбада сәйкестендіру және тіркеу бойынша өз талаптары мен шарттарын айқындауға;

4.1.5. Клиенттен осы Шарт бойынша міндеттемелердің тиісінше орындалуын талап етуге;

4.1.6. туындау себептеріне және Тараптардың/үшінші тұлғалардың кінәсіне қарамастан, ішкі және сыртқы (өзге) жүйелерде/ресурстарда/дерекқорларда кез келген техникалық ақаулар/іркілістер/апаттар туындаған жағдайда Клиенттердің Қызметтерді сатып алуына байланысты олардың Кешбэк алу үшін Банктің ақпараттық жүйесі арқылы жүгінуінің техникалық мүмкіндігі біржақты тәртіпте (Клиенттің келісімін алусыз) уақытша тоқтатуға;

4.1.7. Банктік шотты тікелей дебеттеу арқылы Төлем картасының Банктік шотынан күші жойылған Транзакция бойынша (Тауарды қайтару, рұқсат етілмеген операцияні жүргізу және т. б. кезінде) іске қосылған Ұсынылған Cashback мөлшеріндегі ақшаны қайтарып алуға, оған Клиент Банкке өзінің келісімін береді. Осыған қоса Клиент осындай есептен шығару (алу) нәтижесінде оның Ағымдағы шотында минустық (теріс) қалдық пайда болуы мүмкін екендігіне өзінің келісімін береді және болашақта оны өтеуге міндеттенеді;

4.1.8. Шарттың қолданылуын уақытша тоқтатуға және/немесе Шартты өз қалауы бойынша біржақты тәртіпте бұзуға, соның ішінде Клиент Шартта айқындалған міндеттемелерді, талаптарды бұзған немесе бұзу қаупі төнген жағдайларда бұзуға;

4.1.9. Шарттың 7.3-тармағына сәйкес Клиентке хабарлай отырып, кез келген уақытта және екінші Тарапқа себептерін/себептерін хабарлаусыз, біржақты (соттан тыс) тәртіпте Шартты орындаудан бас тартуға (осы Шарт шеңберіндегі барлық операцияларды уақытша тоқтатуға);

4.1.10. келесі жағдайларда Клиенттің нұсқауларын орындаудан бас тартуға:

- Клиент Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына және Банктің ішкі құжаттарына қайшы келетін нұсқаулар берген жағдайда;
- рұқсат етілмеген төлем анықталған кезде, сондай-ақ заңсыз ақша алудың негізді фактілері анықталған және расталған жағдайларда;
- Клиент Банкке Клиенттің валюталық заңнаманы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы (бұдан әрі – ҚЖ/ТҚҚ), халықаралық экономикалық санкциялар талаптарын сақтауын тексеруге қажетті құжаттарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге құжаттарды ұсынбаған жағдайда;
- Қазақстан Республикасының заңнамасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бөлігінде көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ Клиентке қатысты оның экстремистік және террористік қызметке қатысуы туралы немесе осындай ұйымдар мен тұлғалардың бақылауымен немесе осындай ұйымдардың нұсқауы бойынша әрекет ететіні жөнінде мәліметтер болған жағдайда;
- егер Банк Клиент төмендегілердің талаптарын бұзады, бұзуы мүмкін деп пайымдайтын болса:

8) Банкпен жасалған шарттарды;

9) Қазақстан Республикасының және Банктің қызметіне ықпал ететін, аумағында Банк және оның Клиенті немесе контрагенті жүргізетін операцияның кез келген қатысушысы тіркелген, орналасқан немесе уақытша орналасқан шетел мемлекеттерінің заңнамасын;

10) Банктің және корреспондент-банкнің жария болып табылатын ішкі рәсімдері мен талаптарын;

11) қолданысы Банкке және оның Клиентіне немесе контрагентіне таралатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкциялар (соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, операция түріне, Клиенттің тіркелген және (немесе) орналасқан елімен байланысты, сондай-ақ осы елдерге немесе осы елдердегі адамдарға жүргізілетін төлемдер);

12) Банкте Клиенттің операциялары қаржылық (инвестициялық) пирамиданың қызметіне байланысты, оның мүддесі үшін жүзеге асырылады (оның шотына ақша аударумен және (немесе) оның шоттарынан ақша алумен шектелмей), сондай-ақ қаржылық (инвестициялық) пирамиданың қызметін қаржыландыруға немесе оның қызметін жарнамалауға бағытталған деген күдік болған жағдайда;

13) Клиенттің Банктің ішкі құжаттарының, ҚР ҚЖ/ТҚҚ Заңының, АҚШ-тың «Шетелдік шоттарды салықтық бақылау туралы» Заңының (Foreign Account Tax Compliance Act – FATCA) талаптарын орындау мақсатында Клиентті сәйкестендіру үшін қажетті ақпаратты немесе құжаттарды, талаптарға сәйкес Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымдарының салық қызметтеріне (Organisation for Economic Co-operation and Development – OECD), сондай-ақ ҚР және басқа елдердің өзге заңдары немесе нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес құжаттарды ұсынбағанда;

14) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Банк пен Клиент арасында жасалған банктік шот шартында және осы Шартта белгіленген өзге негіздер бойынша;

4.1.11. келесі жағдайларда Клиентке алдын ала хабарлаусыз, кез келген уақытта біржақты соттан тыс тәртіпте осы Шартты орындаудан біржақты бас тарту жолымен Клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтатуға, Шотты жабуға, осылайша Шотты жүргізуді және оған қызмет көрсетуді тоқтатуға:

- Клиент Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзғанда, Клиент Банктегі Шотының болуына байланысты өз міндеттемелерін орындамағанда;

- Клиенттің банкроттығы, Клиентті қылмыстық қудалау немесе оны қылмыстық жауапкершілікке тарту, Клиентті халықаралық қудалау болғанда;

- егер Банкте Клиент іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланатыны, Клиент террористік қызметке және/немесе қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру жөніндегі қызметке қатысатыны және/немесе Клиентті

қылмыстық қудалауға әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін қандай да бір өзге қылмыстық қызметті жүзеге асыратыны туралы күдік болса (Банк өз күдіктерін негіздеуге және дәлелдеуге міндетті емес);

- Клиентке қатысты кез келген елдің немесе халықаралық/ ұлттық ұйымның (ОФАС, FATF және БҰҰ-ны қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) юрисдикциясына сәйкес салынған халықаралық экономикалық санкциялардың болуы;

- Банкте Клиенттің операциялары халықаралық экономикалық санкциялардың қолданысына жатады немесе халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталған деп пайымдауға негіздердің болуы;

- осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, Банктің пікірінше, Банк үшін кез келген жағымсыз салдарларға әкеп соғуы мүмкін өзге негіздер бойынша;

4.1.12. біржақты тәртіпте (Клиенттің келісімін алусыз және оған бұл туралы хабарлама жіберусіз) Кэшбэк беру/іске қосу/пайдалану талаптарын, мөлшерін және тәртібін айқындауға/өзгертуге;

4.1.13. кез келген уақытта кез келген себеппен Клиентке Кэшбэк бермеуге (ниеттестік бағдарламасын жабуға/уақытша тоқтатуға);

4.1.14. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге әрекеттерді жүзеге асыруға.

4.1.15. келесі жағдайларда Клиентке Қызмет көрсетуді біржақты тәртіпте уақытша тоқтатуға:

4.1.15.1. Брокерлік қызмет көрсету шарты бұзылғанда, Брокерлік шот жабылғанда/оған тыйым салынғанда, бұзушылықтар/сәйкессіздіктер жойылғанға дейін Брокерлік шот бойынша операциялар уақытша тоқтатылғанда;

4.1.15.2. Банктің немесе Оператордың бағдарламалық жасақтамасында техникалық ақаулар болғанда;

4.1.15.3. реттеуші органдар тарапынан ETN сатып алу бойынша операцияларды жүзеге асыруға шектеулер болғанда – инсайдерлер үшін;

4.1.15.4. осы Шартта, Брокерлік қызмет көрсету шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, Банктің пікірінше, Банк немесе Клиент үшін кез келген жағымсыз салдарға әкеп соғуы мүмкін өзге негіздер бойынша.

4.2. Банк міндетті:

4.2.1. Шартта және Қағидаларда көзделген ескертпелерді ескере отырып, Қызметтер көрсетуді қамтамасыз етуге;

4.2.2. Клиент алдындағы осы Шартта көрсетілген міндеттемелерінің толық және уақтылы орындалуын қамтамасыз етуге, сонымен қатар:

4.2.2.1. Клиент осы Шарттың және Қағидалардың сақталуын ескере отырып, қолма қол ақшасыз төлемдер жасаған кезде Бонустық шотқа Кэшбэкті есепке қосуға;

4.2.2.2. Клиент жинаған Кешбэкті Төлем карталары бойынша және Мобильді қолданбада жұмсауын қамтамасыз етуге;

4.2.3. сот немесе уәкілетті мемлекеттік органдардан тиісті хабарламалар түскен жағдайда Клиенттің Бұйрықтарын/тапсырыстарын орындауды уақытша тоқтатуға/орындамауға;

4.2.4. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және «Астана» Халықаралық Қаржы Орталығының (бұдан әрі – «АХҚО») ережелерінде көзделген өзге міндеттерді орындауға.

4.3. Клиент құқылы:

4.3.1. сауда желісінде тауарларға/қызметтерге төлем жасау арқылы оларға кейіннен ССК/Серіктестердің сауда желісінде және/немесе Мобильді қолданбасында тауарларға /қызметтерге төлем жасау мақсатында Кешбэк жинауға;

4.3.2. Төлем картасы немесе Мобильді қолданба арқылы Кешбэкті пайдалана отырып, тауарларға/қызметтерге қолма-қол ақшасыз төлем жүргізуге;

4.3.3. осы Шарттың 10.2-тармағына сәйкес бағдарлама туралы ақпарат алуға;

4.3.4. Банктен осы Шарт бойынша міндеттемелердің тиісінше орындалуын талап етуге;

4.3.5. төлемдер мен ақша аударымдарын осы Шарттың, Жалпы шарттардың және Брокерлік қызмет көрсету шартының талаптарына сәйкес жүзеге асыруға;

4.3.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге әрекеттерді жүзеге асыруға.

4.4. Клиент міндетті:

4.4.1. Банктің және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Шот ашуға қажетті құжаттарды Банкке ұсынуға;

4.4.2. Мобильді қолданба арқылы ETN есебінен қызметтерге немесе тауарларға төлем жүргізген кезде ETN-ді Оператор Клиенттің Транзакциясы орындалған уақытта белгілеген ағымдағы баға белгілеу бағамы бойынша сатуға;

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы тиісті декларацияны толтыру кезінде ETN-ді декларациялауға көрсетуге);

4.4.4. осы Шарт шеңберінде Банктің брокерлік/банктік операцияларды жүргізуі кезінде Оператор белгілеген ETN бағасын сөзсіз және даусыз қабылдауға;

4.4.5. осы Шарт және Брокерлік қызмет көрсету шарты шеңберінде Банк пен Оператор көрсеткен Қызметтің нәтижелерін Банктен және Оператордан қабылдауға;

4.4.6. Кэшбэкті Шотқа есептелген Кэшбэк қалдығы шегінде ғана пайдалануға. Бонустық шотқа есептелген Кэшбэк қалдығынан артық Кэшбэк пайдаланылған жағдайда (кез келген себептер бойынша) Қағидаларға сәйкес пайда болған берешек сомасын Банкке қайтаруды қамтамасыз етуге;

4.4.7. Кэшбэк түрінде алынған кірістерді декларациялауды өз бетінше жүргізуге (мұндай қажеттілік болған кезде);

4.5. Банк пен Клиент (оның келісімі Қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы көрсетіледі) осымен келісімге келді және Клиент осы Шартта белгіленген тәртіппен ETN сатып алу/сату бойынша мәмілелерді жүзеге асырған кезде Оператор мәміле жасау сәтінде белгілеген ETN баға белгілеу бағамы есепке алынатындығына өздерінің сөзсіз келісімін растайды, осыған байланысты олар Операторға қандай да бір шағым ұсынбайды.

5-БАП. ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ЕСЕП АЙЫРЫСУЫ

5.1. Оператор мен Клиент арасындағы ETN сатып алу/сату мәмілелері бойынша барлық есеп айырысулар осы Шартқа, Брокерлік қызмет көрсету шартына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банк арқылы жүргізіледі.

5.2. Кэшбэкті теңгеден ETN-ге айырбастау Банктің валютаны сатып алу бойынша баға белгілеу бағамын пайдалана отырып жүргізіледі, бұдан әрі Кэшбэк жұмсау операциясы (ETN сату) жүргізілгенде Клиент есеп айырысқан кезде Банк Банктің валютаны сатып алу бағамын пайдаланады.

5.3. Клиент ETN-мен жүргізілген мәмілелер үшін Банктің мәміле жасалған күнге сәйкес тарифтеріне сәйкес Банкке нөлдік комиссия төлейді. Банктің тарифтері туралы ақпарат Банктің <https://bankffin.kz> мекенжайы бойынша ресми Интернет-ресурсында орналастырылады.

6-БАП. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік алады.

6.2. Тараптардың міндеттемелерді тиісінше орындамауы/орындамауы еңсерілмейтін күш мән-жайлары салдарынан туындаған болса, Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

7-БАП. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

7.1. Осы Шарт Банктің нысаны бойынша жасалған, Клиент қашықтықтан қосылу жүйелері арқылы қол қойған Қосылу туралы өтінішті Банк қабылдаған күннен бастап күшіне енеді және мерзімсіз немесе Тараптар оны бұзғанға дейін қолданыста болады.

7.2. Осы Шарт Банкке болжамды бұзу күніне дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы немесе Банкпен жасалған Брокерлік қызмет көрсету шартын бұзу арқылы Клиенттің бастамасы бойынша біржақты тәртіпте бұзылуы мүмкін.

7.3. Осы Шарт Банктің бастамасы бойынша Клиентке шартты бұзу туралы тиісті хабарлама жіберу арқылы біржақты тәртіппен бұзылуы мүмкін, бұл ретте хабарлама, егер клиенттің хабарламаны алуын тіркеуді қамтамасыз ететін кез келген байланыс құралдарын (Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайы бойынша; Шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша; Клиенттің нөміріне SMS және WhatsApp-хабарламалар, Push-хабарлама; клиенттің жеке кабинетіндегі ақпарат) пайдалана отырып жіберілсе, жеткізілген болып есептеледі, бұл ретте мұндай хабарламаны жіберу күнін Тараптар автоматты түрде Шартты бұзу күні ретінде («күнбе-күн» қағидаты бойынша) қабылдайды.

7.4. Хабарламаны адресатқа, алушыға тапсыру мүмкін еместігі туралы немесе адресат оны қабылдаудан бас тартқаны жөнінде белгісімен, сондай-ақ Шарттың 7.3-тармағында көрсетілген өзге байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылданғаны расталмауына байланысты хабарлама қайтарылған жағдайда, хабарлама тиісінше жіберілген болып есептеледі.

7.5. Осы Шарт бұзылған жағдайда Банк Шартты бұзған күннен бастап Клиентке Шарт шеңберінде көрсетілетін Қызметтің ажыратылуын қамтамасыз етеді.

7.6. Осы Шартты тоқтату Тараптардың ешқайсысын тоқтату күні қолда бар кез келген жауапкершіліктен босатпайды және осы Шартта тікелей көзделген жағдайларда, осы Шарттың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін күшінде қалатын Тараптардың кез келген өзге құқығының немесе міндетінің жарамдылығына қандай да бір түрде ықпал етпейді.

8-БАП. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ

8.1. Тараптардың ешқайсысы Шарт орындамау немесе тиісінше орындамау өрттер, су тасқыны, жер сілкінісі, диверсиялар, әскери іс-қимылдар, блокадалар, осы Шарт бойынша міндеттемелердің тиісінше орындалуына кедергі келтіретін Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгерістері, сондай-ақ Тараптар болжай алмайтын немесе алдын ала алмайтын және осы Шарт жасалғаннан кейін туындаған және Тараптардың орындауына тікелей әсер еткен басқа да төтенше жағдайларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының салдарынан туындағанын дәлелдесе, осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік алмайды.

8.2. Еңсерілмейтін күш оқиғаларының басталуы туралы ақпарат алынған кезде зардап шеккен Тарап екінші Тарапты осындай оқиғалардың басталуы туралы дереу хабарлауға (жалпыға белгілі фактіні қоспағанда), екінші Тарапқа осындай оқиғалар туралы толық ақпарат беруге, сондай-ақ еңсерілмейтін күш оқиғалары жалғасатын мерзімнің негізделген бағалауын беруге міндеттенеді.

8.3. Осы мән-жайлардың басталуына сілтеме жасайтын Тарап екінші Тарапқа уәкілетті органның/ұйымның жазбаша растамасын беруге тиіс.

9-БАП. ҚҰПИЯ АҚПАРАТ

9.1. Тараптар бағдарламалық жасақтама туралы ақпаратты, Клиенттің дербес деректерін, мәмілелердің саны мен сомасы туралы ақпаратты, Тараптарға қатысты іскерлік ақпаратты қоса алғанда, осы Шарттың талаптарын және Тараптардың бірі құпия ақпарат ретінде немесе сипаты бойынша құпия деп саналуы тиіс ақпарат ретінде ашқан барлық ақпараттың, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасына, АХҚО ережелеріне немесе Банктің ішкі құжаттарына сәйкес құпия ақпаратқа қатысты өзге ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндеттенеді.

9.2. Банк лауазымды тұлғалардың, қызметкерлердің және Банк өкілдерінің құпияны сақтауын және олардың барлық осындай құжаттама мен ақпаратты құпия деп бағалауын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Бұл ретте Клиент алаяқтықтың алдын алу, аудит жүргізу, борышты өндіріп алу, уәкілетті мемлекеттік органның сұрау салуын қанағаттандыру, процессингтік (компьютерлік) орталықтардың қызметтер көрсетуі және т. б. мақсаттар үшін осы Шартқа байланысты Клиент туралы ақпаратты Банктің қалауы бойынша акционерлерге/қатысушыларға, үлестес компанияларға беруіне келісім береді.

9.3. Бағдарламаға қосыла отырып, Клиент Банкке және/немесе Операторға және/немесе Серіктеске Бағдарлама шеңберінде міндеттемелерді орындау мақсаттары үшін, сондай-ақ Бағдарламаны іске асыру мақсатында, соның ішінде Бағдарламаға қатысу шарттарына және

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Клиенттерді ақпараттық қолдау, жарнамалық және ақпараттық хабарламалар тарату үшін Банктің және/немесе Оператордың және/немесе Серіктестің Клиенттің дербес деректерін жинауға және өңдеуге өзінің келісімін білдіреді, сондай-ақ Банктің Бағдарламаны іске асыру үшін шарттық негізде осы тұлғалардың Клиенттің дербес деректерін жинау және өңдеу кезінде олардың құпиялылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауы жағдайында дербес деректерді өңдеу мақсатында үшінші тұлғаларды, соның ішінде Серіктестерді тартуға құқылы екендігімен келіседі.

9.4. Клиент осы Шарттың 9.3-тармағында көзделген осы келісімді Клиенттің Бағдарламаға қатысуының толық мерзіміне ұсынады.

10-БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

10.1. Осы Шарт, Қосылу туралы өтініш, Брокерлік қызмет көрсету туралы шарт, Қағидалар және Банктің өзге байланысты ішкі құжаттары (мәтіні Банктің www.bankffin.kz ресми Интернет-ресурсында орналастырылған) біртұтас құқықтық құрал болып табылады және олардың әрқайсысы бір-бірінің ажырамас бөлігі болып табылады және біртұтас тұтастықты құрайды.

10.2. Банк Шартқа және/немесе тарифтерге және/немесе Банктің ішкі құжаттарына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді біржақты тәртіппен енгізуі мүмкін және аталған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгенге дейін кемінде 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын Клиенттің хабарламаны алуын қамтамасыз ететін кез келген байланыс құралдарын пайдалана отырып, тиісті хабарлама жіберу арқылы немесе осы ақпаратты Банктің www.bankffin.kz ресми Интернет-ресурсында орналастыру арқылы Клиенттің назарына жеткізеді. Клиент осындай хабарлама жіберілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Шартқа және/немесе тарифтерге және/немесе Банктің ішкі құжаттарына енгізілген өзгерістермен, толықтырулармен және түзетулермен өзінің келіспейтінін білдіруге құқылы. Егер Банк Клиенттен Шартқа және/немесе тарифтерге және/немесе Банктің ішкі құжаттарына енгізілген өзгерістермен, толықтырулармен және түзетулермен келіспейтіні жөнінде жазбаша хабарлама алмаған жағдайда, Клиент Шарттың өзгертілген және / немесе толықтырылған талаптарда қолданылуын жалғастыратынына келіседі, ал Клиент Шартқа және/немесе Банктің тарифтері және / немесе ішкі құжаттарына енгізілген өзгерістермен және/немесе толықтырулармен келіседі. Егер осы тармақта көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін Клиент Банк мекенжайына Шартқа енгізілген өзгерістермен және/немесе толықтырулармен келіспейтіні жөнінде жазбаша хабарлама жіберген жағдайда, Шарт бұзылуға жатады.

10.3. Банк осы Шарт бойынша өз құқықтарын, міндеттерін, талап ету құқығын (талаптарын) Клиенттің жазбаша келісімін алусыз үшінші тұлғаларға беруге (мәміле бойынша беруге) құқылы.

10.4. Осы Шартты жасасу, орындау, өзгерту және бұзу кезінде Тараптар өздеріне қолданыстағы заңнамамен сыбайлас жемқорлық ретінде тікелей немесе жанама сараланатын: пара беру/алу/заңсыз сыйақы беру, коммерциялық пара беру, лауазымдық жағдайды теріс пайдалану сияқты іс-әрекеттерді жүзеге асырмауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық құқық нормаларының және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға (КЖ/ТҚК) қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының талаптарын бұзатын әрекеттерді және өзге сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарды - Шарттың Тараптары арасындағы қатынастарда, сондай-ақ үшінші тұлғалармен және мемлекеттік органдармен қатынастарда жүзеге асырмауға міндеттеме алады (бұдан әрі – «сыбайлас жемқорлық әрекеттер»).

Тараптар аталған талаптарды өздерінің үлестес (өзара байланысты) тұлғаларына, қызметкерлеріне, уәкілетті өкілдеріне және делдалдарына жеткізуге міндеттенеді.

10.5. Тараптар Шартты орындау шеңберінде:

б) өз қызметін алаяқтықтың кез келген түрінен абсолютті бас тарту қағидаты, сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидаты бойынша жүзеге асыруға және оларды іске асыру үшін әлеуметтік жауапкершілікті қабылдауға;

- 7) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын білуге және сақтауға;
- 8) екінші Тараптың лауазымды тұлғаларына, өкілдеріне, қызметкерлеріне немесе олардың үлестес тұлғаларына коммерциялық пара бермеуге;
- 9) сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың алдын алу және ол жайында ақпараттандыру мәселелері бойынша екінші Тарапқа қолдау көрсетуге;
- 10) сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін жасаудың және/немесе осындай іс-әрекеттерді жасауды көздеудің барлық фактілері туралы, сондай-ақ егер мұндай жағдайлар туралы оларға белгілі болған жағдайларда хабарлауға міндеттенеді.
- 10.6. Осы Шартта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.
- 10.7. Қосылу туралы өтініш бір түпнұсқа данада жасалады, Клиент Банк қабылдаған қосылу туралы өтініштің көшірмесін алуға құқылы.

Банктік деректемелер:

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ

Z05H9A7, Алматы қ., Алмалы ауданы, Құрманғазы к-сі, 61А үй

БСН: 090 740 019 001

ЖСК: ҚР ҰБ РММ Алматы қ.

KZ23 125K ZT10 0130 0883 (KZT)

БСК: NB RK KZ KX

Банктің ресми интернет-ресурсы: www.bankffin.kz

**Заявление о присоединении
к Договору на получение «Cashback» (присоединения)**

Настоящее Заявление о присоединении к Договору на получение «Cashback» (присоединения) (далее по тексту – «Заявление») является подтверждением того, что _____, ИИН _____, далее по тексту именуемый «Клиент», ознакомился, понял, принял и полностью согласен со всеми условиями и положениями Договора на получение «Cashback» (присоединения), текст которого размещен на официальном Интернет-ресурсе АО «Фридом Банк Казахстан» (далее – «Банк») www.bankffin.kz (далее по тексту — «Договор»), присоединяется к Договору в целом и в полном объеме в качестве Клиента Банка и подтверждает то, что:

8. Клиент обязуется неукоснительно соблюдать и выполнять условия Договора.

9. Клиент ознакомлен с Правилами, условиями брокерского обслуживания Банка, согласен с ними и принимает их в полном объеме, обязуется их исполнять.

10. Между Клиентом и Банком заключен Договор об оказании брокерских услуг (с номинальным держанием) физическому лицу согласно Заявлению о присоединении к условиям Договора об оказании брокерских услуг (с номинальным держанием) физическому лицу № __ от «__» _____ 20__ года;

11. Клиент в рамках Заявления – анкеты физического лица открывает «Инвестиционную валюту Freedom» для последующего начисления «Cashback» в виде «Инвестиционной валюты Freedom» для осуществления платежей/переводов с её использованием при помощи банковских карточек/или мобильного приложения Банка.

12. Клиент уведомлен, что уплата налогов и других обязательных платежей в бюджет, включая предоставление всех налоговых деклараций осуществляется им самостоятельно в соответствии с законодательством Республики Казахстан и правилами МФЦА, и АО «Фридом Банк Казахстан» не является его налоговым агентом.

13. Клиент обязуется осуществлять операции, связанные с Договором в соответствии с применимыми внутренними документами Банка, размещёнными на официальном Интернет-ресурсе Банка, а также правилами, положениями и процедурами, определенными законодательством Республики Казахстан, и выполнять все такие действия, которые могут быть необходимы для исполнения условий Договора.

14. Подписанием настоящего Заявления Клиент:

- подтверждает, что не является государственным служащим Республики Казахстан, не имеет ограничений по законодательству Республики Казахстан или страны своего резидентства на владение, пользование и распоряжение ценными бумагами и производными от них;
- заверяет и гарантирует достоверность и полноту предоставляемых Банку сведений;
- предоставляет Банку безусловное и безотзывное согласие на сбор и обработку, накопление, хранение, изменение, дополнение, использование, распространение, в том числе выходящих за рамки ранее заявленных целей их сбора, раскрытие (передачу) своих персональных данных, а также иных сведений, составляющих коммерческую тайну на рынке ценных бумаг, третьим лицам (включая депозитариям, банкам-кастодианам, аудиторским организациям, при выполнении ими аудиторских проверок, а также формирования систем управления рисками и внутреннего контроля в соответствии с требованиями действующего законодательства Республики Казахстан, правил МФЦА и их внутренних документов) в соответствии с требованиями, не противоречащими нормам Закона Республики Казахстан «О персональных данных и их защите», на обезличивание, блокирование и уничтожение Банком, в том числе третьими лицами, сведений, информации и документов, относящихся к персональным, биометрическим, цифровым и иным данным, в соответствии с законодательством Республики Казахстан и внутренними документами Банка;
- дает согласие Банку на раскрытие информации о нем и условиях настоящего Заявления аффилированным лицам Банка/Оператору/Партнерам. Клиент признает и соглашается, что в

процессе исполнения Заявления может потребоваться предоставление информации о нем и условиях Заявления, а также об операциях в рамках заключенного Договора, для проведения мероприятий в части ПОД/ФТ (Закон РК «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма»).

АДРЕС, РЕКВИЗИТЫ И ПОДПИСЬ КЛИЕНТА

КЛИЕНТ: _____

Адрес: _____

ИИН: _____

уд.лич/паспорт: _____

Контактные телефоны: _____

E-mail (при наличии): _____

Настоящий документ подписан с использованием динамического одноразового (единовременного) кода ____ (номер кода), направленного ____ (дата (дд.мм.гг.)), время ____ (час:мин.:сек) часовой пояс (UTC+ 5) на номер телефона + _____.

«Cashback» алу шартына (қосылу) Қосылу туралы өтініш

Осы «Cashback» алу шартына (қосылу) Қосылу туралы өтініш (бұдан әрі мәтін бойынша – «Өтініш») бұдан әрі мәтін бойынша «Клиент» деп аталатын _____, ЖСН _____, мәтіні «Фридом Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі – «Банк») www.bankffin.kz ресми Интернет-ресурсында орналастырылған «Cashback» алу шартының (қосылу) (бұдан әрі мәтін бойынша — «Шарт») барлық талаптарымен және ережелерімен танысқанына, түсінгеніне, қабылдағанына және толық келісетініне, Банктің Клиенті ретінде Шартқа тұтастай және толық көлемде қосылатынына растау болып табылады және төмендегілерді растайды:

1. Клиент Шарт талаптарын мүлтіксіз сақтауға және орындауға міндеттенеді.
2. Клиент Банктің Брокерлік қызмет көрсету ережелерімен, талаптарымен танысты, олармен келіседі және оларды толық көлемде қабылдайды, оларды орындауға міндеттенеді.
3. Клиент пен Банк арасында жеке тұлғаға 20__ ж. «__» _____ Брокерлік қызмет көрсету туралы шарт (номиналды ұстаумен) талаптарына қосылу туралы Өтінішке сәйкес жеке тұлғаға Брокерлік қызмет көрсету туралы шарт (номиналды ұстаумен) жасалды;
4. Клиент жеке тұлғаның Өтініш-сауалнамасы аясында Банктің банктік карталарын және/немесе мобильді қолданбасын пайдалана отырып, төлемдерді/аударымдарды жүзеге асыру үшін «Freedom инвестициялық валютасы» түрінде кейін «Cashback» сыйақысын есептеу үшін «Freedom инвестициялық валютасын» ашады.
5. Клиент Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және АХҚО ережелеріне сәйкес барлық салық декларацияларын ұсынуды қоса алғанда, салықтарды және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерді төлеуді дербес жүзеге асырады және «Фридом Банк Қазақстан» АҚ оның салық агенті болып табылмайтынынан хабардар.
6. Клиент Банктің ресми Интернет-ресурсында орналастырылған Банктің қолданыстағы ішкі құжаттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған Қағидаларға, ережелер мен рәсімдерге сәйкес Шартқа байланысты операцияларды жүзеге асыруға және Шарт талаптарын орындауға қажет болатын барлық осындай әрекеттерді орындауға міндеттенеді.
7. Клиент осы Өтінішке қол қо арқылы:
 - Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметкері болып табылмайтынын, Қазақстан Республикасының немесе өзінің резиденттік елінің заңнамасы бойынша бағалы қағаздарды және олардан туындыларды иеленуге, пайдалануға және оларға билік етуге шектеулері жоқ екенін растайды;
 - Банкке ұсынылатын мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығын куәландырады және кепілдік береді;
 - Банкке дербес деректерді жинауға және өңдеуге, жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға сөзсіз және қайтарымсыз келісім береді, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын өзге мәліметтерді үшінші тұлғаларға (депозитарийлерге, кастодиан банктерге, аудиторлық тексерулерді орындаған кезде аудиторлық ұйымдарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, АХҚО ережелерінің және олардың ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру кезінде) Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының нормаларына қайшы келмейтін талаптарға сәйкес Банктің иесіздендіруіне, бұғаттауына және жоюына, соның ішінде үшінші тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес дербес, биометриялық, цифрлық және өзге деректерге жататын мәліметтерді, ақпаратты және құжаттарды беруіне келісім береді;
 - Банкке өзі туралы ақпаратты Банктің үлестес тұлғаларына/Операторға/Серіктестерге және осы Өтініштің талаптарын ашуға Банкке келісім береді. Клиент Өтінішті орындау барысында КЖ/ТҚҚ (ҚР «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңы) бөлігінде іс-шараларды өткізу үшін

өзі туралы және Өтініштің талаптары, сондай-ақ жасалған Шарт шеңберіндегі операциялар туралы ақпарат беру талап етілуі мүмкін екенін мойындайды және келіседі.

КЛИЕНТТІҢ МЕКЕНЖАЙЫ, ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚОЛЫ

КЛИЕНТ: _____

Мекенжайы: _____

ЖСН: _____

Жеке куәлігі/төлқұжаты: _____

Байланыс телефондары: _____

E-mail (болса): _____

Осы құжатқа ____ (күні (кк.аа.жж.) уақыт белдеуі (UTC+ 5) уақыты ____ (сағ.:мин.:сек) + _____ телефон нөміріне жіберілген ____ (код нөмірі) бір реттік (біржолғы) динамикалық код арқылы қол қойылды.